ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 маусым № 4360-24-00-2/978 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А. Әбілқайысқызы,
сот отырысының хатшылығында Г.Таженованың отыруымен, ашық сот отырысында мобильді бейнебайланыс арқылы қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Акбергенова Гульмира Ескендировна» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшы өкілі Н.Әбдухайыр
жауапкер өкілі А.Нысанбеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 6 наурызда тараптар арасында тауарды мемлекеттік сатып алу туралы №141-2024 шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағы мен шарттың №1,2 қосымшасына сәйкес жауапкер «Сумен жабдықтауға арналған құбырды» 57 980 теңгеге, шарт аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа жолдаған жазбаша пікірінде Шарт бойынша тауарды талап қоюшыға жүкқұжаты арқылы тапсырғандығын, алайда қабылап алу өткізу туралы электронды актіні веб-портал арқылы жолданбағандығын көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап арызын қолдап, талап қоюдағы уәждерін айтып, қазрігі таңда шарт бұзылғандығын, басқа жеңімпазбен қайта шарт жасалып, ол бойынша тауарлар жеткізіп, қабылданғандығын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкер өкілі сотта қарсы пікіріндегі уәждерін айтып, электронды актіні шын мәнінде жолдауды білмегендігін, кейіннен уақыт өтіп кеткендігін көрсетіп, алдағы уақытта кәсіпкерлікпен айналысуға мүкіндік беруді сұрады.

Прокурор талап қою толығымен қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды айтты.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1,2 талаптар бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының (ары қарай-Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Азаматтық істі қарау барысында анықталғандай, жауапкер Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған. Яғни тауарды талап қоюшыға жүкқұжаты арқылы табыстаған. Бұл фактіні талап қоюшы өкілі де жоққа шығармайды. Дегенмен, Шарттың 5.4-тармағына сай осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жібрегені күні есептеледі. Ал бұл талаптарды жауапкер тарапынан орындалмауы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауына әкеп соғады.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 21.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.07.2024, судья Елшібеков Б. Е., 25.07.2024

Сондықтан сот талап қоюшының талабы шартпен, шарттың №1, №2 қосымшаларымен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен расталатындығын ескеріп, барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша.

АК-ның 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды.

Талап қоюшы жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамауына байланысты 986 теңге айыппұл соммасын есептеген.

Сонымен қатар Шарт жауапкердің міндеттемелерін орындамауына байланысты 2024 жылғы 16 сәуірде бұзылған.

Сондықтан сот жауапкердің міндеттемені орындамауымен көрінген кінәлілік дәрежесіне баға беріп, талап қоюшы мен жауапкердің назар аударуға лайықты мүдделерін ескеріп, жауапкерден мемлекет кірісіне 986 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп тапты.

АПК-ның 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толығымен қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Акбергенова Гульмира Ескендировна» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Акбергенова Гульмира Ескендировна» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 986 (тоғыз жүз сексен алты) теңге тұрақсыздық айыбы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 21.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.07.2024, судья Елшібеков Б. Е., 25.07.2024

мен 1 876 (бір мың сегіз жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 21.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.07.2024, судья Елшібеков Б. Е., 25.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство